

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу  
2015 жылғы 1-тоқсан

## Мазмұны

Мазмұны .....	2
Негізгі терминдер және ұғымдар .....	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	5
Резюме .....	7
1. Инфляциялық процестер .....	9
1.1. Тұтыну бағалары.....	9
1.2. Базалық инфляция .....	10
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар .....	12
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар .....	12
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар .....	13
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі .....	14
2. Инфляция факторлары.....	17
2.1. Жиынтық сұраныс .....	17
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс .....	17
2.1.2. Мемлекеттік тұтыну .....	19
2.1.3. Сыртқы сектор .....	21
2.2. Өндіріс .....	26
2.3. Еңбек нарығы .....	27
2.3.1. Еңбекпен қамту және жұмыссыздық .....	27
2.3.2. Жалақы және өнімділік.....	29
3. Ақша ұсынысы .....	31
3.1. Ақша агрегаттары .....	31
3.1.1. Ақша базасы.....	31
3.1.2. Ақша массасы.....	32
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	33
3.2. Қаржы нарығы .....	33
3.2.1. Резиденттердің депозиттері .....	33
3.2.2. Экономикаға кредиттер .....	37
3.2.3. Банктердің акивтері мен міндеттемелері .....	39
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	42
4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары.....	44
4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар .....	45
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар .....	46
4.3. Ашық нарық операциялары.....	47
4.4. Тұрақты механизмдер.....	48

## Негізгі терминдер және ұғымдар

### 1-бөлім бойынша. Инфляциялық процестер

**Инфляция** Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

**Базалық инфляция** – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай 5 әртүрлі әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;

- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;

- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

**Диффузиялық индекс** кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

### 2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің **шығыстары** шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

### 3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы

**Ақша базасына** (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

**Тар ақша базасы** банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

**M1 ақша агрегаты** айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

**M2 ақша агрегаты** M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

**Ақша массасы (M3)** Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

**Аударылатын депозиттер** – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

**Басқа депозиттерге**, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

**KazPrime** индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасын білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру ставкасы, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

### 4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) валюталық саудасаттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚҚБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

**Ақша нарығындағы Ұлттық Банк операцияларының сальдосы** айналыстағы қысқа мерзімді ноталар, банктердің Ұлттық Банктегі депозиттік және корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көлемінің өзгеруі және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша нетто-операциялар сомасы ретінде есептеледі.

## Графиктердің және кестелердің тізбесі

### Графиктер

- 1-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні
- 2-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні
- 3-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні
- 4-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні
- 5-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің серпіні
- 6-график. Ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы индексінің серпіні
- 7-график. Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 8-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖӨ-нің өсуіне үлесі
- 9-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің серпіні
- 10-график. Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар серпіні
- 11-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 12-график. Мемлекеттік бюджетті орындау (жылдық мәліметтер)
- 13-график. Металдардың әлемдік бағасының серпіні
- 14-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының серпіні
- 15-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 16-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 17-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының серпіні
- 18-график. Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының серпіні
- 19-график. Нақты ЖӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі
- 20-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 21-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 22-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының серпіні
- 23-график. Ақша агрегаттарының серпіні
- 24-график. Ақша мультипликаторының және оның құраушыларының серпіні
- 25-график. Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні
- 26-график. Заңды тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
- 27-график. Жеке тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
- 28-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні
- 29-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің серпіні
- 30-график. Халыққа берілген кредиттердің серпіні
- 31-график. Банктердің активтерінің серпіні
- 32-график. Банктердің активтерінің құрылымы
- 33-график. Банктердің міндеттемелерінің серпіні
- 34-график. Банктердің міндеттемелерінің құрылымы
- 35-график. KazPrime индикаторының серпіні және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі
- 36-график. РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер серпіні
- 37-график. Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары
- 38-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары
- 39-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі
- 40-график. Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті
- 41-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы
- 42-график. Қысқамерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік

43-график. Айналыстағы қысқамерзімді ноттар

44-график. Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері

45-график. Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

46-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі

### **Кестелер**

1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі

2-кесте. Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру серпіні

3-кесте. Ақша массасының өзгеру серпіні

4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру серпіні

## Резюме

2015 жылғы наурыздың соңындағы жылдық инфляция 5,2%-ды құрады. 2015 жылғы 1-тоқсанда инфляция қарқынының төмендеуіне мұнайдың әлемдік бағасының және қазақстандық экономикада ақша ұсынысының төмендеуі аясында азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының төмендеуі және азық-түлік тауарлары бағасының өсу қарқынының құлдырауы ықпал етті. Ақылы қызметтерге тарифтердің өсу қарқыны өсті.

2015 жылғы қаңтар-наурызда инфляция 1,1%-ды (2014 жылдың 1-тоқсанында – 3,3%-ды) құрады, бұл 2014 жылғы 4-тоқсандағыдан (1,5%) төмен. Тұтынушылық бағалар индексі құрылымында ақылы қызметтерге тарифтер анағұрлым жоғары қарқынмен өсті. Электр энергиясы, суық су, амбулаторлық қызметтер, көлік және байланыс қызметтері бағасының өсуі халыққа көрсетілетін қызметтердің қымбаттауының негізгі себептері болды.

Ішкі нарықта азық-түлік тауарлары бағасының өсуі, ең алдымен маусымдық факторларға байланысты. Оған жеміс-жидек өнімдеріне, нан-тоқаш бұйымдары мен жармаға бағаның өсуі ықпал етті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының төмендеуіне мұнайдың әлемдік бағасының құлдырауы жағдайында бензин мен дизель отыны бөлшек бағасының азаюы көп әсер етті. Оған қоса, импортталатын тауарларға бағаның төмендеуі сондай-ақ азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының қалыптасуына ықпал етті.

2015 жылғы 1-тоқсанда монетарлық факторлар инфляцияға іс жүзінде ықпал еткен жоқ. Экономикадағы ақша ұсынысының негізгі көрсеткіші болып табылатын ақша масасы 2015 жылғы қаңтар-наурызда 3,9%-ға азайып, 12 322,1 теңгені (2014 жылғы наурызға қарағанда 2015 жылғы наурызда – төмендеу 3,7%) құрады. Тұтастай алғанда, ақша ұсынысы экономика қажеттілігіне және ағымдағы макроэкономикалық жағдайға сәйкес келеді.

Бұл ретте, 2015 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ нақты өсуі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің есепті деректері бойынша 2,3%-ды құрады.

Экономиканың нақты секторында дамудың оң үрдісі байқалды. Өнеркәсіптік өндіріс 2015 жылғы қаңтар-наурызда 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,6%-ға, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлер өндіру өндірісінің – 1,1%-ға, өңдеуші өнеркәсіптің – 0,5%-ға өсуі есебінен өсті, ал электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу көлемі 2,0%-ға төмендеді. Бөлшек сауда көрсетілген кезеңде 3,6%-ға, ауыл шаруашылығы өнімін жалпы шығару 3,0%-ға, құрылыс көлемі – 1,9%-ға өсті. Жүк айналымы 2,3%-ға төмендеді.

2015 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде ақша нарығында теңгелік қысқамерзімді өтімділікті реттеуге бағытталған операцияларды жүргізуді жалғастырды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2015 жылғы қаңтар-наурызда өзгермей, жылдық 5,5% деңгейінде қалды.

Банктердің Ұлттық Банк эмиссиялайтын бағалы қағаздарға деген сұранысының жоқ болуы жағдайында қысқамерзімді ноттарды шығару 2015 жылғы 1-тоқсанда жүзеге асырылған жоқ. Ұлттық Банк тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 60,7%-ға төмендеді, 2015 жылғы 1-тоқсанда 105,0 млрд. теңгені құрады. Банктерге өтімділікті беру жөніндегі операциялар шеңберінде берілген қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі 2015 жылғы қаңтар-наурызда 2014 жылғы 1-тоқсанға қарағанда 36,1%-ға өсті.

Банктердегі жиынтық депозиттер 2015 жылғы наурыздың соңында 2014 жылғы желтоқсанға қарағанда 3,5%-ға азайып, 11285,0 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте осы

кезеңде шетел валютасындағы депозиттер көлемі 7,4%-ға (валюталық салымдардың үлесі 53,3%-ды құрады) қысқарды.

Экономиканы кредиттеу 2015 жылғы наурызда 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 12 045,4 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға төмендеді. Халыққа берілген кредиттер көлемінің азаюы көрсетілген кезеңде 1,8%-ды (үлес салмағы – 32,7%) құрады.




## 1. Инфляциялық процестер

### 1.1. Тұтыну бағалары

2015 жылғы 1-тоқсанда инфляция 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда маусымдық факторлардың ықпалына қарамастан баяулады. Инфляция деңгейінің төмендеуіне халықтың ақша кірістерінің және ақша ұсынысының өсу қарқынының құлдырауы ықпал етті. 2014 жылғы қаңтар-желтоқсанда инфляция деңгейі 1,1%-ды (2014 жылғы 1-тоқсанда – 3,3%-ды) құрады, ал 2014 жылғы қазан-желтоқсанда осы көрсеткіш 1,5%-ды құрады. Қарастырылып отырған кезеңде бағаның өсуі көбіне ақылы қызметтерге тарифтердің 2,2%-ға (2014 жылғы 1-тоқсанда – 3,2%) өсуімен байланысты. Азық-түлік тауарлары 1,6%-ға (3,3%) қымбаттады, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,6%-ға арзандады (өсу – 3,2%) (1-график).

1-график

**Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні (өткен кезеңге %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2015 жылғы қаңтар-наурызда азық-түлік тауарларының ішінде көбінесе көкініс және жемістер 7,4%-ға, оның ішінде орамжапырақ – 29,6%-ға, алкогольсіз сусындар – 2,2%-ға, макарон өнімдері – 1,8%-ға, жарма – 0,9%-ға, оның ішінде қарақұмық жармасы – 1,9%-ға, нан – 1,0%-ға, балық және теңіз өнімдері – 1,0%-ға қымбаттады. Қант бағасы 6,8%-ға, жұмыртқа – 3,2%-ға, күріш – 1,2%-ға, ет және ет өнімдері – 0,4%-ға және өсімдік-сары май – 0,5%-ға төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарығында киім және аяқ-киім бағасы – 1,4%-ға, үй тұрмысында пайдаланылатын заттар – 1,3%-ға, дәрі-дәрмек бағасы 4,2%-ға өсті. Бензиннің құны 14,0%-ға, дизель отынының құны – 10,0%-ға төмендеді.


Ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 1,3%-ға көтерілді. Бұл ретте, электр энергиясы үшін тарифтер 7,9%-ға, кәріз – 1,1%-ға, суық су және қоқыс жинау – 1,0%-ға, тұрғын үй жалдау – 0,9%-ға өсті. Сондай-ақ амбулаторлық қызметтердің бағасы – 2,6%-ға, көлік қызметтері

– 2,9%-ға, құқықтық қызметтері – 7,6%-ға, байланыс – 4,7%-ға, мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтерінің бағасы – 2,0%-ға, білім беру қызметтері – 0,6%-ға өсті.

2015 жылғы наурызда инфляция жылдық көрсеткіште 5,2%-ды құрады (2014 жылғы желтоқсанда – 7,4%). 2015 жылы наурызда азық-түлік тауарлары 2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 6,2%-ға (8,0%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,8%-ға (7,8%-ға), ақылы қызметтер – 5,2%-ға (6,4%-ға) қымбаттады (2-график).

2-график

**Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Статистика комитеті

**1.2. Базалық инфляция**

2015 жылғы 1-тоқсанда 2014 жылғы 4-тоқсанмен және 2014 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда базалық инфляцияның барлық көрсеткіштерінің баяулауы байқалды. 2015 жылғы 1-тоқсанда 1-базалық инфляция жалпы инфляция деңгейінен асты (3-график). Бұл, басқа факторлармен қатар, базалық инфляцияның басқа көрсеткіштерін есептеу кезінде алып тасталынған реттелетін қызметтер (оның ішінде тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызметтері, теміржол көлігі, байланыс қызметтері) бағасының өсуімен байланысты.

## 3-график


Токсандық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні  
(өткен кезеңге %-бен)

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2015 жылғы 1-тоқсанда базалық инфляция деңгейінің жылдық көрсетуде төмендеуі байқалды (4-график). 1-базалық инфляция және 2-базалық инфляция және 3-базалық инфляция 2015 жылғы наурыздың қорытындылары бойынша жалпы инфляцияның деңгейінен асты. Бұл базалық инфляцияның осы көрсеткіштерін есептеу кезінде алып тасталынатын бензиннің, теміржол көлігі қызметтері бағасының төмендеуіне байланысты.

2015 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша базалық инфляцияның жылдық көрсеткіші бойынша барлық көрсеткіші 2014 жылғы желтоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты (4-график).

## 4-график

**Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні  
(өткен жылдың тиісті айына %-бен)**

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

**1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар****1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар**

2015 жылғы 1-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бағалары 14,8%-ға төмендеді (2014 жылғы 1-тоқсанда өсу – 11,3%). Өндірілген өнім құнының бағасы 16,4%-ға төмендеді, бұл ретте оның құрамында аралық тұтыну өнімінің бағасы 19,9%-ға арзандады, өндіріс құралдарының бағасы өзгерген жоқ, тұтыну тауарлары 2,3%-ға қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулердің бағасы 2,6%-ға қымбаттады.

2015 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өндіру саласындағы бағалар 23,6%-ға төмендеді (2014 жылғы 1-тоқсанда өсу – 14,0%), оған өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда мұнай бағасының анағұрлым төмен болуы себепші болды.

Энергия ресурстарының құны 2014 жылғы 4-тоқсанда 16,3%-ға төмендегеннен кейін, 2015 жылғы 1-тоқсанда 22,6%-ға төмендеді (2014 жылғы 1-тоқсанда 14,3%-ға өсті). Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру бағасы 27,3%-ға төмендеді (2014 жылғы 1-тоқсанда 15,1%-ға өсті), газ конденсатының құны 30,1%-ға төмендеді (2014 жылғы 1-тоқсанда 19,3%-ға өсті).


Өңдеуші өнеркәсіптегі бағалар 2015 жылғы 1-тоқсанда 2,5%-ға төмендеп, төмендеуін жалғастырды (2014 жылғы 1-тоқсанда 6,2% өсті). Бұл ретте 2015 жылғы 1-тоқсанда өнеркәсіптің металлургия саласындағы бағалар 2,3%-ға төмендеді, мұнай өңдеу өнімдерінің бағасы 10,2%-ға арзандады.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу салаларында 2015 жылғы 1-тоқсанда бағалар 6,5%-ға өсті (2014 жылғы 1-тоқсанда 5,7%-ға өсті).

2015 жылғы наурызда өнеркәсіп өндірісінде бағаның төмендеуі жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда) 24,7%-ды құрады (5-график).

5-график

### Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің серпіні (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Өндірілген өнімнің бағасы жылдық көрсеткіш бойынша 27,1%-ға төмендеді, бұл ретте аралық тұтыну өнімінің бағасы 32,2%-ға төмендеді, тұтыну тауарлары – 8,8%-ға қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы – 1,6%-ға өсті. Өндірістік сипаттағы қызметтер 6,9%-ға қымбаттады.

#### 1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

2015 жылғы 1-тоқсанда барлық арналар бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 0,2%-ға өсті (2014 жылғы 1-тоқсанда 1,1%-ға өсті). Ауыл шаруашылығындағы бағалар серпіні мал шаруашылығымен салыстырғанда өсімдік шаруашылығындағы бағалардың неғұрлым өсуінің әсер етуімен қалыптасты.


2014 жылғы 4-тоқсанда бағалардың 5,0%-ға көтерілуімен салыстырғанда, 2015 жылғы қаңтар-наурызда өсімдік шаруашылығы өнімінің бағасы 1,2%-ға өсті (2014 жылғы 4-тоқсанда 6,7%-ға өсті). Өсімдік шаруашылығының құрамында көкөністің бағасы 2,5%-ға, картоптың бағасы 0,9%-ға, дәнді дақылдардың бағасы 1,1%-ға өсті.

Мал шаруашылығының өнімдері 2014 жылғы 4-тоқсанда 2,1%-ға өскеннен кейін 2015 жылғы 1-тоқсанда 0,8%-ға төмендеді (2014 жылғы 1-тоқсанда 0,2%-ға өсті). 2015 жылғы қаңтар-наурызда мал және құс етінің бағасы 0,5%-ға төмендеді, шикі сүттің бағасы 0,8%-ға төмендеді, жұмыртқа бағасы 4,5%-ға арзандады.

2015 жылғы наурыздың қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы жылдық көрсеткіш бойынша 12,3%-ға өсті. Бұл ретте өсімдік шаруашылығының өнімі 20,2%-ға қымбаттады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 1,1%-ға өсті (6-график).

6-график

### Ауыл шаруашылығы өнімінің бағалары индексінің серпіні (өткен жылғы тиісті айға %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

#### 1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2015 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс жалпы алғанда нақты сектор бойынша едәуір төмендеді, мұны сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексінің 31,4-ке дейін (2014 жылғы 4-тоқсандағы 45,7-ден) төмендеуі растайды. Көрсеткіштің төмендеуі өніміне сұраныс ұлғайған кәсіпорындар үлесінің айтарлықтай ұлғаюы (2014 жылғы 4-тоқсандағы 26,0%-дан 46,9%-ға дейін), сондай-ақ өніміне сұраныс ұлғайған кәсіпорындар үлесінің азаюы (2014 жылғы 4-тоқсандағы 17,4%-дан 9,7%-ға дейін) себепші болды.

Дайын өнімге сұраныстың айтарлықтай төмендеуі «өндеуші өнеркәсіп», «құрылыс», «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» салаларында болды, осы бойынша диффузиялық индекс 2015 жылғы 1-тоқсанда тиісінше 27,9, 27,0 және 21,3 болды. Сұраныстың бәсеңдеуі «тау-кен өнеркәсібі» (диффузиялық индекс 2014 жылғы 4-тоқсандағы 50,9-дан 31,9-ға дейін төмендеді), «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 58,0-ден 43,8-ге дейін) және ауыл шаруашылығы (2014 жылғы 4-тоқсандағы 58,0-ден 47,6-ға дейін) салаларында байқалды. Бұл ретте сұраныстың өсуі «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» саласында ғана байқалды» (диффузиялық индекс 57,0-ді құрады).

Кәсіпорындардың күтуі бойынша 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы 2-тоқсанда жалпы алғанда нақты сектор бойынша дайын өнімге сұраныс көтеріледі: диффузиялық индекс 57,0-ді құрады.

2015 жылғы 2-тоқсанда сұраныстың ұлғаюы диффузиялық индексі 2015 жылғы 1-тоқсанда 57,0-ді құраған «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» саласын қоспағанда, экономиканың барлық саласында күтіледі. Сұраныстың барынша көп дәрежеде өсуі: «өндеуші өнеркәсіп» (диффузиялық индекс – 62,5), «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау»

(60,9), «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (60,7) және «ақпарат және байланыс» (60,0) салаларында күтіледі.

Кәсіпорындардың дайын өнімі бағасының өсуі жалпы алғанда нақты сектор бойынша 2015 жылғы 1-тоқсанда едәуір төмендеді: дайын өнімнің бағасы өзгеруінің диффузиялық индексі 45,3-ті құрады (2014 жылғы 4-тоқсанда – 54,1). Дайын өнім бағасы мынадай салаларда төмендеу жағына қарай өтті: «құрылыс» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 57,4-тен 48,3-ке дейін), «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 57,1-ден 45,3-ке дейін), «өндеуші өнеркәсіп» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 54,1-ден 44,8-ге дейін), «көлік және қоймаға сақтау» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 50,0-ден 44,6-ға дейін) «көтерме және бөлшек сауда» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 54,7-ден 43,2-ке дейін) және «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 60,3-тен 39,0-ге дейін). Бұл ретте өсу қарқынның ұлғаюы мына салаларда тіркелді: «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу», «ақпарат және байланыс» және «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау», диффузиялық индекстері есепті тоқсанда тиісінше 62,2, 55,6 және 54,7 болды.

Тұтынушылық өнім өндіруші кәсіпорындардың дайын өнімінің және қызметінің бағасы (бұдан әрі – тұтыну өнімі мен қызметтің бағасы) 2015 жылғы 1-тоқсанда төмендеді: диффузиялық индекс 46,3-ті құрады (2014 жылғы 4-тоқсанда 54,6 болды).

2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы 2-тоқсанда жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша дайын өнімнің бағасының өсуі күтіледі (диффузиялық индекс 53,6 болды). Бағаның өсу қарқынының ұлғаюы: «көтерме және бөлшек сауда» (диффузиялық индекс 57,3 болды), «құрылыс» (55,0), «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» (диффузиялық индекс 66,9 болды), «құрылыс» (60,0), «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (53,3), «өндеуші өнеркәсіп» (52,3), «тау-кен өнеркәсібі» (50,6) және «көлік және қоймаға сақтау» (50,4) салаларында күтіледі. Бұл ретте «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» саласында (диффузиялық индексі 2015 жылғы 1-тоқсандағы 62,2-ден 49,4-ке дейін төмендеді) бағаның төмендеуі күтілетінін атап өту керек.

Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2015 жылғы 2-тоқсанда тұтынушылық өнімнің және қызметтің бағасы көтеріледі: бағаның өзгеруінің диффузиялық индексі 52,6 болды (2015 жылғы 1-тоқсанда 46,3).


2015 жылғы 1-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі бәсеңдеді, бірақ жоғары болып қалуда: баға өзгерісінің диффузиялық индексі 61,7 (2014 жылғы 4-тоқсанда 70,1) болды. Бағалардың өсу қарқынның бәсеңдеуі мына салаларда байқалды: «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (диффузиялық индекс 2014 жылғы 4-тоқсандағы 78,6-дан 65,8-ге дейін төмендеді), «көлік және қоймаға сақтау» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 72,7-ден 62,9-ға дейін), «тау-кен өнеркәсібі» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 68,9-дан 58,4-ке дейін) және «көтерме және бөлшек сауда» (2014 жылғы 4-тоқсандағы 66,3-тен 55,6-ға дейін).

Кәсіпорындардың күтулері бойынша, 2015 жылғы 2-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі жалғасады (диффузиялық индекс 63,1 болды).

Осылайша, тиісті диффузиялық индекстер серпіні негізінде кәсіпорындардың бағалаулары бойынша 2015 жылғы 2-тоқсанда дайын өнімге сұраныстың көтерілуі және дайын өнім мен шикізат және материалдар бағасы өсуінің жалғасуы күтіледі (7-график).

7-график

## Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



## 2. Инфляция факторлары

### 2.1. Жиынтық сұраныс

2014 жылғы 4-тоқсанда ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен, 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, бағалау бойынша нақты көрсеткішпен 5,7%-ға ұлғайды (2013 жылғы 3-тоқсанда өсім бағалау бойынша 3,9%-ды құрады).


ІЖӨ-нің 2014 жылғы 4-тоқсандағы өсуі мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтыну шығыстардың, жалпы жинақтаудың және таза экспорттың өсуінің және шаруашылықтарының ағымдағы тұтыну шығыстардың төмендеуінің әсер етумен қалыптасты.

Жалпы алғанда, бағалау бойынша, 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда түпкілікті тұтыну шығыстары 2014 жылғы 4-тоқсанда 5,4%-ға өсті (2014 жылғы 3-тоқсанда 6,9%-ға өсті), жалпы жинақ 22%-ға өсті (2,8%-ға төмендеді), ал таза экспорт 37,7%-ға өсті (58,5%-ға төмендеді).

Нәтижесінде түпкілікті тұтыну шығыстары ІЖӨ-нің өсуінің қалыптасуына (-4,3% мөлшерде теріс үлес қосты, жалпы жинақ ІЖӨ-ден (+)5,1 % өсті, таза экспорт ІЖӨ-нің өсуіне (+)4,8% мөлшерде оң әсер етті (8-график).

8-график

#### Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ІЖӨ-нің өсуіне үлесі, %



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

#### 2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс

2014 жылғы 4-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 8,5%-ға азайды (2014 жылғы 3-тоқсанда 7,3%-ға өсті).


Ақша кірісінің жан басына шаққандағы өсу қарқыны номиналдық көрсеткішпен 2014 жылғы 4-тоқсанда 11,4%-ға дейін жеделдеді (2014 жылғы 3-тоқсанда 10,9%-ға өсті), ал нақты көрсеткіш бойынша 3,6%-ға дейін өсті (3,5%-ға өсті). Бұл ретте халық табысының өсуі бөлшек тауар айналымына айтарлықтай оң әсер еткен жоқ, оның өсу қарқыны 2014 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 11,6%-ды құрай отырып, баяулады (2014 жылғы 3-тоқсанда 13,0%-ға өсті).

Бөлшек тауар айналымының өсу қарқыны баяулаған кезде халық табысының өсуі, сондай-ақ түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ-нің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі, атап айтқанда, үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтыну шығыстары 8,5%-ға төмендеуі 2014 жылғы 4-тоқсанда ішкі сұраныстың құлдырау проблемасын білдірді (9-график).

Үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтыну шығыстарының төмендеуіне жылдың соңындағы девальвациялық күтулердің өсуі және Ресей рублі бағамының құлдырауы себепші болуы мүмкін. Рубльдің құлдырауы Ресей өнімнің бағалық тартымдылығын көтерді және шығыстардың бір бөлігін Ресей Федерациясына бағдарлады.

9-график

### Халықтың шығыстары мен кірістерінің серпіні (өткен жылғы тиісті кезеңге %)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің төмендеуі екі тоқсан қатарынан негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 2014 жылғы 4-тоқсанда 1,2%-ға дейін бәсеңдеуіне (2014 жылғы 2-тоқсанда 5,6%-ға өсті) себепші болды. Бұл ретте негізгі капиталдың жалпы жинағы төмендеді және өткен тоқсанға қатысты төмендеуі 0,4% болды (10-график).

10-график

### Негізгі капиталға инвестициялар шығыстарының серпіні (өткен жылдың тиісті кезеңіне %)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

#### 2.1.2. Мемлекеттік тұтыну

2014 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 8,3%-ға көтерілді (2014 жылғы 3-тоқсанда 10,4%-ға өсті).

Жалпы алғанда, 2014 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2589,3 млрд. тенге сомаға немесе ІЖӨ-ге шаққанда 21,2%-ға қаржыландырылды (2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 22,7%-ға ұлғайды).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 1652,9 млрд. тенге болды, бұл 2013 жылғы 4-тоқсанға қарағанда 9,1%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында 2013 жылғы осындай тоқсанмен салыстырғанда ішкі қарыздар бойынша сыйақылар төлеу (76,1%), заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер (44,8%), қызметтер мен жұмыстарды сатып алу шығындарының (23,9%), жеке тұлғаларға ағымдағы трансферттер (15,8%), сыртқы қарыздар бойынша сыйақылар төлеу (11,3%), жұмыс берушілердің жарналары (9,7%) және жалақы (7,4%) айтарлықтай ұлғаюын көрсетті. Бұл ретте басқа ағымдағы шығындардың шығыстары (55,4%) қысқарды.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2014 жылғы 4-тоқсанда 2013 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, дамуға, негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес және биологиялық активтерді сатып алуға бағытталған күрделі шығындар шығыстарының ұлғаюы есебінен 13,5%-ға ұлғайды.

Бюджеттік кредиттер 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 4-тоқсанда 37,5 есе азайды, қаржы активтерін сатып алу шығыстары 4,0 есе ұлғайды.

2014 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 1974,6 млрд. тенге немесе ІЖӨ-нің 16,2%-ын құрады, бұл 2013 жылғы 4-тоқсанға қарағанда 21,5%-ға көп. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым тұр: салық түсімдері – 78,0% (2013 жылғы 4-тоқсанда – 90,7%), ресми трансферттер – 18,0% (5,2%). Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық бюджетке Қазақстан

Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферттердің 348,3 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді.

Жалпы алғанда, 2014 жылғы 4-тоқсанда салық түсімдерінен түскен кірістің көрсеткіштері 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 6,3%-ға ұлғайды. Өсу акциздер бойынша, корпоративтік табыс салығы бойынша, жеке табыс салығы бойынша, әлеуметтік салық бойынша түсімдердің өсуімен қамтамасыз етілді. Бұл ретте табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер және қосылған құн салығы бойынша түсімдер төмендейді.


2014 жылғы 4-тоқсанда салықтық емес түсімдер 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда негізінен, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер өткізген мемлекеттік сатып алудан және мемлекеттік меншіктен түскен кірістердің ұлғаюы есебінен 29,4%-ға ұлғайды.

2014 жылғы 4-тоқсанда трансферттердің түсуі 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 4,3 есе ұлғайды, ал негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 9,3%-ға ұлғайды.

2014 жылғы 4-тоқсанда кірістердің шығыстардан асып түсу нәтижесінде мемлекеттік бюджет 614,7 млрд. теңге дефицитпен қалыптасты (ІЖӨ-нің 5,0%-ы), 2013 жылғы 4-тоқсанда дефицит 484,7 млрд. теңге (ІЖӨ-нің 4,0%-ы) мөлшерінде болды (11-график). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 348,3 млрд. теңге мөлшерінде аударылған трансферттерді қоспағанда, 2014 жылғы 4-тоқсанның 963,0 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

11-график

**Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, ІЖӨ-ге шаққанда %-бен**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2014 жылғы 4-тоқсан ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару арқылы 485,9 млрд. теңге мөлшерінде қарызға алынған қаражатты тартты. Осы кезеңде сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер 71,9 млрд. теңге сомасына өтелді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ұлттық Банктегі шотындағы қалдық 200,7млрд. теңгеге ұлғайды.


2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша үкіметтік ішкі борыш 4178,0 млрд. теңге (ІЖӨ-нің 11,0%-ы) болды, бұл 2014 жылғы 1 қазандағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 15,6%-ға көп (ІЖӨ-нің 11,0%). Өсу мемлекеттік ұзақмерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді (МЕУЖКАМ), мемлекеттік қысқамерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕККАМ), мемлекеттік ұзақмерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) және мемлекеттік ортамерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2014 жылғы 1 қаңтардағы көлемімен (ІЖӨ-нің 2,2%) салыстырғанда 1,8 есе ұлғайып, 1435,0 млрд. теңге (ІЖӨ-нің 3,8%) болды.

2014 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің дефицит жылдық көрсеткіш бойынша ІЖӨ-нің (-)2,9% (2013 жылы – дефицит ІЖӨ-нің (-)2,0%) болды (12-график).

12-график

### Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, жылдық көрсеткіш бойынша ІЖӨ-ге шаққанда %-бен



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

### 2.1.3. Сыртқы сектор


#### – Әлемдік бағалар

2014 жылғы 4-тоқсанда әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал түрлі бағыттағы үрдістермен сипатталды.

Мыстың, мырыштың және қорғасынның бағасы 2014 жылғы 4-тоқсанда төмендеді. Бұл ретте орташа алғанда кезеңде мыс өткен кезеңмен салыстырғанда бір тонна үшін 6632,0 АҚШ долл. деңгейіне жетіп, 5,2%-ға арзандады. Қорғасынның әлемдік бағасы 2014 жылғы 4-тоқсанда кезеңде орташа алғанда бір килограмм үшін 200,1 центті құрай отырып 8,3%-ға төмендеді. Мырыштың бағасы кезеңде орташа бағасы бір килограмм үшін 223,5 цент болған кезде 3,3%-ға төмендеді. Алюминий бағасы әртүрлі бағыттағы үрдісті көрсетті: өсу құлдыраумен ауысты. Жалпы алғанда 2014 жылғы 4-тоқсанда алюминий 1,0%-ға арзандады және кезеңде орташа алғанда бір тонна үшін 1970,3 АҚШ долл. болатын белгіге жетті (13-график).

13-график

## Металдардың әлемдік бағасының серпіні




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

2014 жылғы 4-тоқсанда мұнайдың әлемдік бағасының құлдырауы жалғасты. Жалпы алғанда Brent сұрыпты мұнай 25,5%-ға арзандады және кезеңде орташа алғанда бір баррель үшін 76,0 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (14-график).

Бидайдың әлемдік бағасы 2014 жылғы 4-тоқсанда жоғары серпінді көрсетті. Жалпы алғанда, 2014 жылғы 4-тоқсанда бидайдың әлемдік бағасы (АҚШ) өткен кезеңмен салыстырғанда 1,8%-ға төмендеп, орташа алғанда бір тонна үшін 257,9 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (14-график).

14-график

## Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының серпіні




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

## – Төлем балансы

2014 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 801,1 млн. АҚШ долл. немесе тиісті кезеңдегі ІЖӨ-ге қатысты (-)1,2% теріс сальдомен қалыптасты (15-график).

15-график

## Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ долл.



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2014 жылғы 4-тоқсанда 2013 жылғы 4-тоқсанның осындай көрсеткішімен салыстырғанда 17,3 млрд. АҚШ долларына дейін 21,9%-ға азайды, тауар импортына жұмсалған шығыстар 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 15,1%-ға төмендеп, 11,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Сауда балансының оң сальдосы 33,0%-ға азайды және 5,7 млрд. АҚШ долларын құрады. 2014 жылғы 4-тоқсанда қызмет көрсету балансының тапшылығы 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 1,8 млрд. АҚШ долл. дейін 9,9%-ға азайды, бастапқы кірістер балансының тапшылығы (еңбекақы төлеу, инвестициялық және басқа да бастапқы кірістер) 31,5%-ға азайды және 4,1 млрд. АҚШ долл. болды. Қайталама кірістер операциялары бойынша бейрезиденттерге нетто-төлемдер (ағымдағы трансферттер) 563,4 млн. АҚШ долларын құрады.

Қаржы шотының сальдосы (резервтік активтерді есептемегенде) 2014 жылғы 4-тоқсанда 3,3 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде теріс (2013 жылғы 4-тоқсанда теріс сальдо 397,3 млн. АҚШ долл.) болып қалыптасты. Резиденттердің шетелдік активтерін (резервтік активтерді қоспағанда) таза сатып алу 1,6 млрд. АҚШ долл. (2013 жылғы 4-тоқсанда таза сатып алынуы 3,2 млрд. АҚШ долл.) болды. Міндеттемелерді таза қабылдау (өсім) 4,9 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты (2013 жылғы 4-тоқсанда 3,6 млрд. АҚШ долл.).

Нәтижесінде 2014 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансы 960,5 млн. АҚШ долл. теріс сальдомен қалыптасты (2013 жылғы 4-тоқсанда – 685,3 млрд. АҚШ долл. теріс сальдо).

## – Сауда талаптары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2014 жылғы 4-тоқсанда сауда талаптарының жиынтық индексі 2013 жылғы 4-тоқсанның тиісті көрсеткішімен салыстырғанда 4%-ға төмен болды. Бұл ретте еуро аймағындағы елдермен сауда талаптарының индексі 1%-ға қысқарды, ал Ресеймен – 5%-ға ұлғайды (1-кесте).

1-кесте

**Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі  
(өткен жылғы тиісті кезеңге қатысты, %-бен)**

	3-тоқ.13	4-тоқ.13	1-тоқ.14	2-тоқ.14	3-тоқ.14	4-тоқ.14
Экспорттық бағалар	-6	-3	-5	-5	4	-13
Импорттық бағалар	-4	-10	6	3	-9	-9
<b>Сауда талаптары</b>	<b>-2</b>	<b>8</b>	<b>-10</b>	<b>-8</b>	<b>14</b>	<b>-4</b>
оның ішінде:						
<b>Еуро аймақ елдері</b>						
Экспорттық бағалар	-2	1	-1	-6	7	-15
Импорттық бағалар	-12	-17	70	-36	-33	-14
<b>Сауда талаптары</b>	<b>11</b>	<b>22</b>	<b>-42</b>	<b>47</b>	<b>59</b>	<b>-1</b>
<b>Ресей</b>						
Экспорттық бағалар	-11	-10	-13	-6	-3	-10
Импорттық бағалар	-3	-6	-6	-7	-2	-14
<b>Сауда талаптары</b>	<b>-8</b>	<b>-4</b>	<b>-7</b>	<b>0</b>	<b>-1</b>	<b>5</b>

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2014 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 10,4%-ға нығайды. ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 24,8%-ға, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 6,2%-ға нығайды.

2014 жылғы 4-тоқсанда теңге нақты көрсеткіш бойынша алдыңғы кезеңмен салыстырғанда АҚШ долларына қатысты нақты көрсетуде 2,9%-ға нығайды, еуроға қатысты 7,1%-ға, Ресей рубліне қатысты 29,9%-ға нығайды (16-график).



16-график

### Теңгенің нақты айырбастау бағамдарының индекстері (2000 жылғы желтоқсан = 100%)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### – Теңгенің номиналдық айырбастау бағамы

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2015 жылғы 1-тоқсанда бір доллар үшін 184,67 теңгені құрады. Биржалық бағам кезеңнің соңында бір доллар үшін 185,65 теңге болды. Жыл басынан бері теңге номиналдық көрсеткіш бойынша АҚШ долларына қарағанда 18,4%-ға әлсіреді (17-график).

17-график

### Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының серпіні



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2015 жылғы қаңтарда, ақпанда және наурызда АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы тиісінше 1,2%-ға, 0,3%-ға, 0,3%-ға әлсіреді.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментте еуромен және Ресей рублімен жасалған мәмілелердің көлемі аз болғандықтан, осы валюталарға қатысты теңгенің бағамы АҚШ долларына қатысты кросс-бағамы негізінде есептеледі. Тиісінше, еуроға және Ресей рубліне қатысты теңге бағамының серпіні АҚШ долларына қатысты теңге бағамының серпінімен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай Еуропа валютасының жағдайымен және Ресей Орталық банкінің валюталар қоржынына қатысты Ресей рублінің айырбастау бағамымен айқындалды.

Жалпы алғанда, 2015 жылғы 1-тоқсанда АҚШ долларына қатысты теңгенің ресми бағамы 1,8%-ға, Ресей рубліне қатысты – 1,2%-ға әлсіреді (18-график). Теңгенің еуроға қатысты ресми бағамы 10,1%-ға нығайды.

18-график

### Теңгенің еуроға және Ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының серпіні




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2.2. Өндіріс

2014 жылғы 4-тоқсанда ІЖӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 12895,9 млрд. теңге болды. Экономиканың барлық негізгі салаларында өндірістің өсуінің жағымды ықпалының әсерінен ІЖӨ 2013 жылғы 4-тоқсанға қатысты нақты көрсеткіш бойынша (2005 жылғы бағамен) бағалау бойынша 5,1%-ға ұлғайды (19-график).

19-график

### Нақты ІЖӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

**Тауарлар өндірісі.** Тауарлар өндірісі сегментінде ауыл шаруашылығын қоспағанда, ішкі жалпы өнімнің осы құрамдас бөлігіне кіретін барлық негізгі салалар бойынша көрсеткіштер өскенін көрсетті. Бағалау бойынша, 2014 жылғы 4-тоқсанда құрылыстың көлемі 3,6%-ға өсті (2014 жылғы 3-тоқсанда – 4,5%-ға өсті), өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,0%-ға өсті (өсім 1,6%), ауыл шаруашылығы – 0,8%-ға төмендеді (1,4%-ға азайды). Нәтижесінде, тауарлар өндірісінің сегменті ІЖӨ қалыптастыруға (+)0,5% мөлшерде оң үлесін қосты.

**Қызмет көрсету өндірісі.** Қызмет көрсету өндірісі сегментінде ішкі жалпы өнімнің осы құрамдас бөлігіне кіретін барлық негізгі салалары іс жүзінде өскенін көрсетті. Нәтижесінде, қызмет өндірісі секторына кіретін салалар жиынтықта ІЖӨ-нің өсуіне (+)4,1% мөлшерінде оң үлес қосуға себепші болды.

**Өнімге және импортқа таза салықтар.** Өнімге және импортқа таза салықтар көлемінің 10,6%-ға ұлғаюы ІЖӨ-нің (+)0,5% мөлшерінде өсуін қалыптастыруға (2014 жылғы 3-тоқсанда үлесі (+)0,8% мөлшерінде) оң әсер етті.

Осылайша, 2014 жылғы 4-тоқсанда ІЖӨ өсуінің негізгі қозғауыш күші (2014 жылғы 3-тоқсандағыдай) қызмет көрсету өндірісі секторы болып табылды.

## 2.3. Еңбек нарығы

### 2.3.1. Еңбекпен қамту және жұмыссыздық


2015 жылғы 1-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бастапқы деректер бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда 0,2%-ға азайып, 8,6 млн. адам болды (2014 жылғы 1-тоқсанға қарағанда өсу 0,6% болды). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 0,7%-ға ұлғайып, 6,1 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,5 млн. адам (төмендеуі – 2,3%) болды.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 5,3 млн. адам (барлық жалданып жұмыс істейтіндердің 85,9%-ы), жеке тұлғаларда – 0,6 млн. адам (10,4%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,2 млн. адам (3,8%) жұмыс істеді.

2015 жылғы 1-тоқсанда жұмыссыздар саны 455,6 мың адам болды, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 0,5%-ға аз және 2014 жылғы 1-тоқсандағыдан 1,8%-ға аз (20-график).

20-график

### Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2015 жылғы 1-тоқсанда ірі және орташа кәсіпорындарда жұмыс істейтін жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.


2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда жұмыспен қамтудың өсуін қамтамасыз ететін негізгі салалар мыналар болды: қызметтердің басқа да түрлерін көрсету; қаржы және сақтандыру қызметі; әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет; өнер, ойын-сауық және демалыс; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер; жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар; сауда.

Жұмыспен қамтылғандар санының азаюы мынадай: ауыл, орман және балық шаруашылығы; көлік және қоймаға жинау салаларында байқалды.

Бұл ретте бір саладағы жұмыспен қамтылғандар санының азаюы олардың басқа салалардағы өсуімен толық өтелді. Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейі 2015 жылғы 1-тоқсанда 5,0% болды және 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа төмендеді (21-график).

21-график

## Нақты жұмыссыздық деңгейі, %



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

### 2.3.2. Жалақы және өнімділік

2014 жылғы 4-тоқсанда орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда номиналдық көрсеткіш бойынша 12,1%-ға (2014 жылғы 3-тоқсанда – 11,5% өсті), ал нақты көрсеткіш бойынша 4,6%-ға (өсуі – 4,3%) ұлғайды.

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналдық жалақы 7,1%-ға өсті, ал нақты жалақы 0,2%-ға артты.

2014 жылғы желтоқсанда 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда номиналды көрсеткіш бойынша жалақы барынша көп дәрежеде мына салалар бойынша: өнер, ойын-сауық және демалыс – 22,2%-ға; өнеркәсіп – 20,4%-ға; қаржы және сақтандыру қызметі – 19,7%; ауыл, орман және балық шаруашылығы – 19,4%-ға; құрылыс – 17,7%-ға жоғарылады.


2014 жылғы желтоқсанда ақшалай көрсеткіш бойынша жалақының ең жоғарғы мөлшері тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді игеруде (341,5 мың теңге), ал ең төменгі мөлшері ауыл, орман және балық шаруашылығында (75,8 мың теңге) болды.

2014 жылғы 4-тоқсанда қызметкерлердің жалақысының өсуі нақты көрсеткіш бойынша 4,6% болды, бұл 2014 жылғы 3-тоқсанда (4,3%) қалыптасқан өсу қарқыны көрсеткіштерінен жоғары және 2014 жылғы 1-тоқсанда (1,9%) және 2013 жылғы 4-тоқсанда (2,3%) қалыптасқан көрсеткіштерден жоғары.

2014 жылғы 4-тоқсанда жалақының өсу қарқынының күшеюі және экономикада жұмыспен қамтылған адамдар санының төмендеуі еңбек өнімділігі индексінің өсу қарқынына ықпал етті, ол 3,9% деңгейіне дейін үдеді (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша), ал бір тоқсан бұрын индекстің өсімі 3,6% болды (22-график).

22-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


### 3. Ақша ұсынысы

#### 3.1. Ақша агрегаттары

2015 жылғы 1-тоқсанда жылдық көрсеткіш бойынша ақша агрегаттарының төмендеуі байқалды: ақша базасы 3,6%-ға тарылды, тар ақша базасы 7,9%-ға, ақша массасы 3,7%-ға азайды, ал айналыстағы қолма-қол ақша 21,4%-ға қысқарды (23-график).

23-график

#### Ақша агрегаттарының серпіні (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### 3.1.1. Ақша базасы

2015 жылғы 1-тоқсанда ақша базасы 3,7%-ға тарылды және 3287,0 млрд. теңгені құрады. Тар ақша базасы 3111,3 млрд. теңгеге дейін 6,1%-ға тарылды.

2015 жылғы наурызда 2014 жылғы наурызбен салыстырғанда ақша базасы 3,6%-ға тарылды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2015 жылғы наурызда 2014 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 28,4 млрд. АҚШ долларына дейін 10,6%-ға ұлғайды, олардың ішінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) қаралып отырған кезеңде 7,1%-ға өсті, алтындағы активтер 21,6%-ға өсті.

2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда Ұлттық қорды қоспағанда Ұлттық Банктің таза ішкі активтері ұлғайды, негізінен ішкі экономикаға қойылатын талаптарды ұлғайту нәтижесінде артты (2-кесте).

2-кесте

**Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру серпіні  
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	2-тоқ.14	3-тоқ.14	4-тоқ.14	1-тоқ.15
<b>Таза халықаралық резервтер</b>	<b>0,3</b>	<b>14,8</b>	<b>15,7</b>	<b>10,6</b>
<b>ҰҚ-сыз таза ішкі активтер</b>	<b>-229,2</b>	<b>-78,5</b>	<b>-167,1</b>	<b>84,2</b>
Үкіметке таза талаптар	-3,8	60,2	-3,5	-14,8
Үкіметтен бөлек, экономиканың басқа секторларына қойылатын талаптар	30,6	8,6	25,9	-3,1
Басқа да таза ішкі активтер	-115,5	-61,6	-72,3	3,8
<b>Ақша базасы</b>	<b>20,1</b>	<b>34,9</b>	<b>20,8</b>	<b>-3,6</b>
<b>Тар ақша базасы</b>	<b>15,6</b>	<b>29,9</b>	<b>18,9</b>	<b>-7,9</b>

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.1.2. Ақша массасы

2015 жылғы 1-тоқсанда ақша массасы 12322,1 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға азайды.

2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда оның төмендеуі банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің төмендеуі нәтижесінде 3,7% болды (3-кесте).

3-кесте

**Ақша массасының өзгеру серпіні  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	2-тоқ.14	3-тоқ.14	4-тоқ.14	1-тоқ.15
<b>ҰҚ-сыз таза сыртқы активтер</b>	<b>30,8</b>	<b>29,8</b>	<b>15,3</b>	<b>-5,6</b>
<b>ҰҚ-сыз ішкі активтер</b>	<b>-9,1</b>	<b>6,0</b>	<b>16,0</b>	<b>17,5</b>
Үкіметке таза талаптар	-19,9	78,8	6,8	-12,0
Үкіметтен бөлек, экономиканың басқа секторларына қойылатын талаптар	15,5	11,7	5,7	-0,5
Басқа да таза ішкі активтер	-30,6	-19,2	-1,5	8,2
<b>Ақша массасы</b>	<b>15,8</b>	<b>16,5</b>	<b>10,5</b>	<b>-3,7</b>
Айналыстағы қолма-қол ақша	-4,7	-5,8	-25,8	-21,4
Резиденттердің депозиттері	18,9	19,7	15,9	-1,7

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2014 жылғы тиісті айымен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда банктердің таза сыртқы активтері азайды. Банктердің таза сыртқы активтерінің төмендеуі, негізінен, бейрезиденттерге қойылатын талаптардың төмендеуіне байланысты болды.

Қаралып отырған кезеңде ақша массасының негізгі құрауыштарының құрылымында депозиттердің қысқаруымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның бірден қысқаруы тіркелді. Нәтижесінде, ақша массасы құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2014 жылғы наурыздағы 89,7%-дан 2015 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша 91,6%-ға дейін өсті.


Ақша мультипликаторы ақша базасының тарылу қарқындарымен салыстырғанда ақша массасы азаюының басым қарқындарының нәтижесінде 2014 жылғы наурыздағы



3,755-тен 2015 жылғы наурыздағы 3,749-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, қаралып отырған кезеңде резервтеу коэффициентінің ұлғаюы аясында қолма-қол ақшаға басымдық беру коэффициентінің төмендеуі байқалды (24-график).

24-график

### Ақша мультипликаторының және оның құрауыштарының серпіні



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2015 жылғы 1-тоқсанда 1037,1 млрд. теңгеге дейін 7,6%-ға қысқарды.

2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда айналыстағы қолма-қол ақша 21,4%-ға азайды. Сонымен бірге, банктердің кассаларына ақшаның түсімі 1483,4 млрд. теңгеге дейін 18,9%-ға, банктердің кассаларынан қолма-қол ақшаны беру 1491,2 млрд. теңгеге дейін 16,5%-ға азайды.

2014 жылғы тиісті аймен салыстырғанда 2014 жылғы наурызда қолма-қол ақшаның төмендеуі ақша түсімінің тауарларды, қызметтерді және орындалған жұмыстарды сату бойынша, шетел валютасымен операциялар бойынша, жеке тұлғалардың қарыздары бойынша, біржолғы ақша аударымдары (шотты ашпай) бойынша, жеке тұлғалардың шоттары бойынша және осы кезеңдегі басқа да баптар бойынша ақша беруден басым болуына байланысты орын алды. Бұл ретте аталған факторлардың ықпалы еңбекақы төлеу, зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды беру, халықтың өз табысын қолма-қол ақшаға айналдыру арқылы банкоматтарды күшейту үшін берілген ақшамен, сондай-ақ ақша берудің жеке тұлғалардың шоттары бойынша ақша түсімінен басым болуымен бейтараптандырылған жоқ.

## 3.2. Қаржы нарығы

### 3.2.1. Резиденттердің депозиттері

Резиденттердің депозиттері 2015 жылғы 1-тоқсанда 3,5%-ға төмендеп, 2015 жылғы наурыздың соңында 11285,0 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 3,7%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 3,1%-ға төмендеді.

Депозиттер құрамындағы мерзімді депозиттердің көлемі (ХВҚ жіктелімі бойынша – «басқа депозиттер»<sup>1</sup>) 2015 жылғы 1-тоқсанда 7776,0 млрд. теңгені құрап, 5,0%-ға төмендеді. Ұлттық валютамен мерзімді депозиттер 3246,6 млрд. теңгеге дейін 2,8%-ға, ал шетел валютасымен мерзімді депозиттер 4529,4 млрд. теңгеге дейін 6,6%-ға төмендеді. Депозиттік базаның жалпы көлеміндегі мерзімді депозиттердің үлес салмағы тоқсан ішінде 70,0%-дан 68,9%-ға дейін төмендеді.

2015 жылғы 1-тоқсанда депозиттік базаның жай-күйі заңды тұлғалардың теңгемен жинақ ақшаларының ұлғаюымен және заңды тұлғалардың сияқты жеке тұлғалардың да шетел валютасымен депозиттері төмендеуімен негізделген ұлттық валютамен депозиттер өскенін білдіреді.

Нәтижесінде ұлттық валютамен депозиттердің көлемі 5269,8 млрд. теңгені құрап, 1,4%-ға өсті. Бұл ретте заңды тұлғалардың теңгемен депозиттері 3,1%-ға ұлғайды, ал жеке тұлғалардың жинақ ақшалары 3,0%-ға төмендеді.

Шетел валютасымен депозиттер бір тоқсанда 6015,2 млрд.теңгені құрап, 7,4%-ға төмендеді. Заңды тұлғалардың валютамен депозиттерінің көлемі 11,0%-ға, жеке тұлғалардың 3,1%-ға төмендеді.

Шетел валютасымен депозиттер төмендеуінің жоғары қарқыны депозит нарығының долларлану дәрежесінің азаюына және ұлттық валютамен депозиттердің үлес салмағы 44,4%-дан 46,7%-ға дейін өсуіне әкеліп соқтырды.

Осылайша, 2015 жылғы 1-тоқсанда заңды тұлғалардың шоттарына ұлттық валютаның әкелінуі банктердің ресурстық базасы ұлғаюының негізгі көзі болып табылды (4-кесте).

4-кесте

**Резиденттер депозиттерінің өзгеру серпіні  
(алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)**

	2012 наурыз	2013 наурыз	2014 наурыз	2015 наурыз
<b>Резиденттердің депозиттері</b>	<b>7,1</b>	<b>7,3</b>	<b>13,8</b>	<b>-3,5</b>
<i>жеке тұлғалардың</i>	<i>4,3</i>	<i>3,7</i>	<i>4,9</i>	<i>-3,1</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалардың</i>	<i>8,5</i>	<i>9,4</i>	<i>19,4</i>	<i>-3,7</i>
<b>Теңгемен депозиттер</b>	<b>3,5</b>	<b>3,9</b>	<b>-4,9</b>	<b>1,4</b>
<b>Шетел валютасымен депозиттер</b>	<b>15,0</b>	<b>15,1</b>	<b>45,0</b>	<b>-7,4</b>

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 1-тоқсанда салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі өсті, бұл көбінесе ұлттық валютадағы мөлшерлемелердің өсуіне және аздап шетел валютасындағы мөлшерлемелердің өсуіне байланысты болды. Ұлттық валютадағы мөлшерлемелердің өсуіне заңды тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша мөлшерлемелердің шамамен екі еселеніп ұлғаюы барынша елеулі түрде әсер етті, бұл теңгемен өтімділік жетпеуі салдарынан болуы мүмкін.


Нәтижесінде, теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелердің орташа мәні 2015 жылғы 1-тоқсанда 11,5%-ға дейін (2014 жылғы 4-тоқсанда – 6,5%), еркін айырбасталатын валютада 2,9%-ға дейін (2,7%) өсті.

<sup>1</sup> Басқа депозиттер – белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе қарапайым коммерциялық операцияларда қолдану үшін барынша ыңғайсыз және негізінен, жинақтау тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулерге ие жинақтық және мерзімді депозиттер.

Банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2015 жылғы наурызда 12,7%-ды (2014 жылғы желтоқсанда – 8,8%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,2%-ды (8,1%) құрады (25-график).

25-график

**Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 1-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 7023,6 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға төмендеді, бұл ретте жылдық көрсеткіш бойынша төмендеу (2014 жылғы наурызға қарағанда 2015 наурыз) 4,8% болды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері жылдық көрсеткіш бойынша 6,2%-ға төмендеді, шетел валютасымен депозиттер 3,1%-ға төмендеді (26-график).

26-график

**Занды тұлғалар депозиттерінің өзгеру серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2015 жылғы 1-тоқсанда 4261,4 млрд. теңгеге дейін 3,1%-ға төмендеді, бұл ретте өсу жылдық көрсеткіш бойынша 4,0% болды. Ұлттық валютамен жеке тұлғалардың депозиттері жылдық көрсеткіш бойынша 25,6%-ға төмендеді, шетел валютасымен депозиттер 29,0%-ға ұлғайды (27-график).

27-график

**Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.2.2. Экономикаға кредиттер

2015 жылғы 1-тоқсанда банктердің экономикаға кредиттері 12045,4 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға төмендеді. Заңды тұлғаларға кредиттер 8103,5 млрд. теңге болып, 0,2%-ға өсті, жеке тұлғаларға кредиттер – 3942,0 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға төмендеді.

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 8420,7 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға төмендеді, шетел валютасындағы кредиттер 3624,7 млрд. теңгеге дейін 2,4%-ға өсті.

Ұзақмерзімді кредиттеу 9705,9 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға өсті, қысқамерзімді кредиттеу 2339,6 млрд. теңге болып, 6,3%-ға төмендеді. Нәтижесінде ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда 79,4%-дан 80,6%-ға дейін ұлғайды.

2015 жылғы 1-тоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 18,2%-ға дейін өсті (2014 жылғы 4-тоқсанда – 12,0%), ал жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша 20,1%-ға дейін (2014 жылғы 4-тоқсанда – 18,9%) ұлғайды.

Жалпы алғанда, 2015 жылғы 1-тоқсанда заңды тұлғалар үшін (орташа мән 10,4%-дан 14,9%-ға дейін өсті), жеке тұлғалар үшін де (18,2%-дан 19,6%-ға дейін өсті) қарыз алу құнының өсіміне негізделген мөлшерлемелердің ұлғаю байқалды (28).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттер құрылымындағы берешектің негізгі көлемі айналым қаражатын сатып алуға (26,6%), басқа мақсаттарға (26,6%), азаматтардың тұтыну мақсаттарына (20,9%), сондай-ақ негізгі қорларды сатып алуға (9,0%) берілген кредиттерге тиесілі.

Салалық бөлікте банктердің экономикаға кредиттері бойынша ең көп берешегі басқа салаларға (өндірістік емес сала және дара қызмет) – 51,2%, сауда-саттыққа – 19,6%, өнеркәсіпке – 11,4%, құрылысқа – 9,6% тиесілі.

2015 жылғы 1-тоқсанда көлікті кредиттеу 4,0%-ға, құрылысты – 1,1%-ға, өндірістік емес саланы – 0,1%-ға өсті. Байланысты кредиттеу 25,0%-ға, сауданы – 2,5%-ға, ауылшаруашылығын – 1,9%-ға төмендеді. Өнеркәсіпті кредиттеу өзгеріссіз қалды.

28-график

#### Экономикаға берілген кредиттердің серпіні және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы наурызға қарағанда 2015 жылғы наурызда) 2,5%-ға төмендеді. Орналастыру мерзімдері бойынша кредиттер құрылымында өзгерістер орын алды. Заңды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде ортамерзімді және ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 2015 жылғы наурыздың соңында 73,3% жетті, ол 2014 жылғы желтоқсанда 71,6% болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы кредиттері жылдық көрсеткіш бойынша (2015 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы наурыз) 2,9%-ға өсті, шетел валютасымен кредиттері 9,6%-ға төмендеді (29-график).

29-график

**Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2015 жылғы наурызда 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 10,7%-ға көтерілді. Жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі орташа және ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 2015 жылғы наурыздың соңында өсті және 2014 жылғы желтоқсандағы 95,0%-бен салыстырғанда 95,6% болды.

Халыққа берілген кредиттердің құрылымында ұлттық валютамен берілген кредиттер 10,7%-ға өскенін, шетел валютасымен 39,3%-ға төмендегенін көрсетті (30-график).

30-график

**Халыққа берілген кредиттердің серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**3.2.3. Банктердің ақивтері мен міндеттемелері**

– **Активтер**

2015 жылғы 1-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктер активтерінің мөлшері 21,5 трлн. теңгеге дейін 0,9%-ға азайды. Банктердің активтері жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы наурыз) 4,8%-ға азайды (31-график).

31-график

**Банктер активтерінің серпіні, млрд. теңге**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Банктердің сыртқы активтері 2015 жылғы наурызда активтердің жалпы көлемінің 16,2% иеленді немесе 3,5 трлн. теңге болды. 2014 жылғы наурыздан салыстырғанда олар 26,6%-ға төмендеді.

Сыртқы активтердің құрылымында 2015 жылғы наурызда бейрезиденттерге берілген кредиттер 57,0% (2014 жылғы желтоқсанда – 54,8%), бейрезиденттерде орналастырылған депозиттер – 15,7% (2014 жылғы желтоқсанда – 15,3%), бейрезиденттердің бағалы қағаздары – 3,5% (2014 жылғы желтоқсанда – 6,0%), алуға басқа да шоттар – 23,9% (2014 жылғы желтоқсанда – 23,9%) болды.

Ішкі активтердің үлесіне 2015 жылғы наурызда 83,8% немесе 18,0 трлн. теңге тиесілі болды, оның ішінде ұлттық валютамен ішкі активтер 69,1% немесе 12,5 трлн. теңге, шетел валютасымен – 30,9% немесе 5,6 трлн. теңге болды. 2015 жылғы 1-тоқсанда ішкі активтер 0,5%-ға, оның ішінде ұлттық валютамен 1,1%-ға, шетел валютасымен – 0,8%-ға төмендеді (32-график).

32-график

**Банктер активтерінің құрылымы, %**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**– Міндеттемелер**

2015 жылғы 1-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 0,8%-ға төмендеді және 2015 жылғы наурыздың соңында 15,0 трлн. теңге болды (33-график).



33-график

**Банктер міндеттемелерінің серпіні, млрд. теңге**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы наурызда 1,3 трлн. теңгеге дейін (6,9 млрд. АҚШ доллары) 6,6%-ға төмендеді, 2014 жылғы тиісті айға 9,3%-ға төмендеді. 2015 жылғы наурыздың соңында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктер міндеттемелерінің барлық көлемінің 8,6% иеленіп отыр.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2014 жылғы наурызда 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 24,1%-дан 21,6%-ға дейін төмендеді, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің үлесі 59,2%-дан 63,5%-ға дейін өсті, резидент еместерден алынған кредиттер, тиісінше 13,6%-дан 10,8%-ға дейін өсті.

2015 жылғы 1-тоқсанда резидент еместер алдындағы міндеттемелер 13,7 трлн. теңгеге дейін 0,2%-ға төмендеді, оның ішінде ұлттық валютамен міндеттемелер 7,6 трлн. теңгеге дейін 4,3% өсті, шетел валютасымен міндеттемелер 6,1 трлн. теңгеге дейін 5,3% төмендеді (34-график).

Осылайша, 2015 жылғы 1-тоқсанда банктердің міндеттемелер бойынша резиденттер алдындағы міндеттемелердің ұлғаюы және резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің төмендеуі байқалды.

34-график

**Банктер міндеттемелерінің құрылымы, %**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер**


2015 жылғы 1-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер серпіні әр түрлі бағытта болды.

KazPrime индикаторы 2014 жылғы 4-тоқсанда орташа алғанда 7,85%-дан 2015 жылғы 1-тоқсанда орташа алғанда 9,0%-ға дейін өсті.

2015 жылғы наурыздың соңында 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда индикатордың деңгейі өзгеріссіз қалды – 9,0% (35-график).

35-график

**KazPrime индикаторының және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің серпіні, %**



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2015 жылғы 1-тоқсанда төмендеді және 14,87% (2014 жылғы 4-тоқсанда – 29,50%) болды. Бұл ретте, оның ең жоғары деңгейі 15,72%, ал ең төменгі деңгейі – 13,29% болды.

2015 жылғы 1-тоқсанда 7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 7,07%-дан 17,0%-ға дейінгі аралықта болды (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 13,96% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 7,0%-дан 15,10%-ға дейінгі (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 12,53% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 7,0%-дан 22,0%-ға дейінгі (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 12,63% болды) аралықта өтті (36-график).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2015 жылғы 1-тоқсанда 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 58,4%-ға ұлғайды.

36-график

### РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер серпіні, %



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

## 4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары


2015 жылғы 1-тоқсанда ақша нарығындағы ахуал біршама тұрақты сипатта болды. Пайыздық мөлшерлемелер серпінінде маңызды және күрт серпілістер байқалған жоқ.

2015 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгеріссіз қалды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 5,5% деңгейінде, банктерден тартылған 7 күндік мерзімдегі депозиттер бойынша мөлшерлеме 2,75% деңгейінде сақталды.

Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2014 жылғы 4-тоқсанда 4,80%-дан 2015 жылғы 1-тоқсанда 5,38%-ға дейін өсті. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2014 жылғы 4-тоқсандағы 13,11%-дан 2015 жылғы 1-тоқсанда 13,96%-ға дейін өсті (37-график).

37-график

### Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары, %




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 1-тоқсанда банктердің корреспонденттік шоттарындағы қалдық серпіні Ұлттық Банкте түрлі бағытта болды. Банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары барлық кезең ішінде біртіндеп ұлғайды, банктердің шетел валютасымен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары төмендеді. Жалпы алғанда, ұлттық валютасындағы корреспонденттік шоттардағы қалдықтар көлемі 2015 жылғы наурыздың соңына 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 35,9%-ға азайды, шетел валютасымен – 4,1%-ға өсті (38-график).

38-график

**Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар, млрд. теңге**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


#### 4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар

2015 жылғы 1-тоқсанда Қазақстан қор биржасының валюта сегментінде және банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемі 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 52,4%-ға өсіп, 15,7 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан қор биржасында доллар позициясындағы биржалық сауда көлемі 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 53,2%-ға азайды және 13,6 млрд. АҚШ долларын құрады (Қазақстан қор биржасында сауда-саттықтың нетто-көлемі брутто-көлемінің 89%-н құрады). Биржадан тыс валюта нарығында 2015 жылғы 1-тоқсандағы операция көлемі 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 46,6%-ға төмендеді және 2,1 млрд. АҚШ долларын құрады (39-график).

39-график

**Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ доллары**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасына қатысу коэффициенті – 16,8% болды (2014 жылғы 4-тоқсанда ол – 54,1% болған) (40-график). Осылайша, 2015 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын басым сатушы болып табылған.

40-график

**Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті, %**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.2. Ең төменгі резервтік талаптар**

2015 жылғы қаңтар-наурызда резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа алғанда 1,7 есе (2014 жылғы 4-тоқсанда – 2,1 есе, 2014 жылғы 1-тоқсанда – 2,6 есе) асты (41-график).

41-график

**Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. теңге**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.3. Ашық нарық операциялары**

2015 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банктің қысқамерзімді ноттарына банктер тарапынан сұраныстың аз болуына қарай банктер тарапынан оларды орналастыру бойынша аукциондар өткізілген жоқ (42-график).

42-график

**Қысқамерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік (кезең үшін)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы наурыздың аяғында жағдай бойынша барлық бұрын айналысқа шығарылған қысқамерзімді ноттар толық өтелді (43-график).

43-график

**Айналыстағы қысқамерзімді ноттар, млрд. теңге (кезең аяғында)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.4. Тұрақты механизмдер**


2015 жылғы 1-тоқсанда алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі қысқарды. Бұл ретте барлық кезең ішінде банктерден депозиттер тартудың көлемі төмен болды. Жалпы, 2015 жылғы 1-тоқсанда 105,0 млрд. теңге сомаға депозиттер тартылған, бұл 2014 жылғы 4-тоқсандағы көлемнен 7,8 есе аз және 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 2,5 есе аз.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2015 жылғы 1-тоқсанда 3,05% құрады (44-график).



44-график

**Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 1-тоқсанда банктердің депозиттері бойынша Ұлттық Банктің өтелмеген міндеттемелерінің көлемі қысқарды. 2015 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек көлемі 7,95 млрд. тенге болды, бұл 2014 жылғы желтоқсанның соңындағы көлеммен салыстырғанда 1,9 есе аз (45-график).

45-график

**Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.тенге (кезең аяғында)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 1-тоқсанда қайта қаржыландыру қарыздарының жалпы көлемі 2,5 трлн. теңге болды. Осы операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 22,0%-ға артты (46-график).

46-график

**Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі